

# ӘР БӨЛІМДЕ АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Әрбір Бөлім сабақтарын оқып аяқтаған соң, бөлімдердің әрқайсына берілген Әр бөлімде алған біліміңізді бағалау сұрақтарына Жауап беруге арналған бетте жауаптарыңызды жазып толтырыңыз.

Сұрақтарды мұқият оқып шығыңыз. Төмендегі сұрақтың бір ғана дұрыс жауабы бар. Өзіңіз таңдаған жауаптың орнын бояңыз. *Жауабыңызды кестеде белгілер алдында қараңыз, оның алдында тұрған сан жауап беріп жатқан сұрақтың санымен бірдей болуы керек.*

Үлгі

1 Қайта туылу мына мағынаны білдіреді –

- а) жасы жағынан кіші болу.
- ә) Исаны Құтқарушы деп қабылдау.
- б) жаңа жылды бастау.

Дұрыс жауап; ә) Исаны Құтқарушы деп қабылдау, сондықтан  әнің орнын бояйсыз.

1  А  Б  В

Енді Әр бөлімде алған біліміңізді бағалау сұрақтарын оқып шығыңыз да, өзіңіздің *Жауап беруге арналған бетте* жоғарыда көрсетілгендей жауаптарыңызды белгілеңіз. Үш жауап үлгісінің (а, ә, б) біреуін таңдап бояңыз.

Толтырылған *Жауап беруге арналған бетті* жақын арадағы ХСИ бөліміндегі өзіңіздің нұсқаушыңызға жіберіңіз.

# ЖАУАП БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЕТТЕР

«Иса деген кім» бағдарламасы

Студент жайлы мағлұмат

Аты жөніңіз.....  
(баспа әріптерімен жазуыңызды өтінеміз)

Студенттік нөміріңіз.....  
(білмесеңіз орынды бос қалдырыңыз)

Мекен-жайыңыз .....

Қала ..... Аудан .....

Ел.....

Email .....

Берілген сандардағы дұрыс орынды бояңыз. Барлық сұрақтардың реттік саны жауап беруге арналған беттегі кестенің алдындағы санмен бірдей.

## 1-БӨЛІМ

- |    |             |    |             |
|----|-------------|----|-------------|
| 1  | (А) (Ә) (Б) | 11 | (А) (Ә) (Б) |
| 2  | (А) (Ә) (Б) | 12 | (А) (Ә) (Б) |
| 3  | (А) (Ә) (Б) | 13 | (А) (Ә) (Б) |
| 4  | (А) (Ә) (Б) | 14 | (А) (Ә) (Б) |
| 5  | (А) (Ә) (Б) | 15 | (А) (Ә) (Б) |
| 6  | (А) (Ә) (Б) | 16 | (А) (Ә) (Б) |
| 7  | (А) (Ә) (Б) | 17 | (А) (Ә) (Б) |
| 8  | (А) (Ә) (Б) | 18 | (А) (Ә) (Б) |
| 9  | (А) (Ә) (Б) | 19 | (А) (Ә) (Б) |
| 10 | (А) (Ә) (Б) | 20 | (А) (Ә) (Б) |

ТЕК ХСИ ТОЛТЫРАДЫ

Күні ..... Балл .....

## БІРІНШІ БӨЛІМДЕ АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

- 1 Киелі Кітапты ... жазғандықтан, біз оған сене аламыз.
  - а) жақсы адамдар
  - ә) Құдайдың еркін орындағысы келген адамдар
  - б) Киелі Рухтың жетелеуінде болған адамдар
- 2 Иса кім екенін білуге арналған төмендегі тәсілдердің қайсысы ең жақсысы болып табылады?
  - а) Киелі Кітаптың пайғамбарлық сөздерін оқи отырып білу.
  - ә) Жеке бас тәжірибесі, яғни өзіңнің және басқа адамдардың тәжірибесі арқылы білу.
  - б) Табиғат құбылыстарына көңіл аудара отырып, Құдай әлемдегінің барлығын жаратқанын түсіну арқылы білу.
- 3 Еврейлерге арналған хаттың 13:8 аяты былай дейді: «Иса Мәсіх...
  - а) жол мен ақиқат».
  - ә) Адам Атаның бірінші Ұлы».
  - б) өткенде, қазір және болашақта мәңгілік».
- 4 Пайғамбарлық сөздер.... арқылы Исаның кім екенін түсінуімізге бәрінен де жақсырақ көмектеседі.
  - а) оқиғалар болмастан бұрын ұзақ уақыт бұрын айтылуы
  - ә) Иса өмір сүрген тарихи кезең туралы айту
  - б) бізге Исаның өткендегі, қазіргі және болашақтағы жұмыстарын көрсету
- 5 Көне Келісім Исаның кім екенін ашуда маңызды орын алады, өйткені ...
  - а) онда Исаның халқының тарихы бар.
  - ә) ол Исаны Құрбандық Тоқтысы ретінде бейнелейді.
  - б) онда Исаның өмірі мен қызмет етуі туралы көптеген нақты пайғамбарлық сөздер бар.

- 6** Төмендегі оқиғалардың қайсысы Исаның Киелі Кітаптың пайғамбарлық сөздерін орындағанын көрсетеді?
- а)** Иса Назаретте туылды.
  - ә)** Иса көп жағынан Мұсаға ұқсас болатын.
  - б)** Иса нақты жорамалданған күні туылды.
- 7** Мәсіх туралы Киелі Кітаптық пайғамбарлық сөздерді біз алғаш рет қай кітаптан табамыз?
- а)** Киелі Кітаптың бірінші кітабынан, Жаратылыстың басталуы кітабынан.
  - ә)** Үлкен пайғамбарлардың бірінші кітабынан, Ишая кітабынан.
  - б)** Жаңа Келісімнің бірінші кітабынан, Матай жазған Ізгі хабардан.
- 8** Иса көкке ... көтерілді.
- а)** Өзі қайта тірілгеннен соң қырық күн өткенде
  - ә)** Өзі қайта тірілгеннен соң үш жыл өткенде
  - б)** Өзі қайта тірілгеннен соң дереу
- 9** Құдай ғажайып істер арқылы Иса Өзінің ... болғанын көрсетті.
- а)** Ұлы
  - ә)** хабаршысы
  - б)** пайғамбары
- 10** Біздің құтқарылуымыздың жоспарын ... жасады.
- а)** Киелі Үшбірлік
  - ә)** әділ періштелер
  - б)** мәсіхшілік пайғамбарлық сөздер айтқан пайғамбарлар
- 11** Мәсіхші болу үшін сіз ... тиіссіз.
- а)** Исаның тәлімдерін білуге
  - ә)** Он Өсиетке бағынуға
  - б)** Иса Мәсіхке Құтқарушы және Ие ретінде сенуге

- 12** Имануил аты мынаны білдіреді: «Құдай...  
а) бізбен бірге».  
ә) құдіретті».  
б) біздің Туымыз».
- 13** «Иса – Адам тәнінде келген Құдай» дегеніміз, Иса ... деген мағынаны білдіреді.  
а) Құдай болудан қалды  
ә) Құдай секілді әрекет етті  
б) адам болмысындағы Құдай болды
- 14** Тәнге айналу (Адам болу) сөзі ... дегенді білдіретін екі сөзден шыққан.  
а) тәнде болу  
ә) өздігінен өмір сүретін  
б) Майланған
- 15** Исаны біздің Келістірушіміз деп атайды, өйткені Ол...  
а) өліп қайта тірілді.  
ә) жерге адам ретінде келді.  
б) Құдайға келе алуымыз үшін біздің қарыздарымызды өтеді.
- 16** Құдай ашылу, даярлық, орынбасар және ... үшін адам кейпіне енді.  
а) түсіндіру  
ә) келістіру  
б) арнау
- 17** Адам мұқтаждықтарына қызмет етіп, Өз өмірін олар үшін бергендегі Исаның мақсаты қандай болды?  
а) Құдайдың мінез-құлқын бізге көрсету.  
ә) Адамдардан жоғары ізгілік стандарттарын талап ету.  
б) Жанға жағымды физикалық сыртқы бет-бейненің құдайлық жаратылыстың дәлелі болып табылатынын көрсету.

- 18** Иса қалайша Құдайдың мінез-құлқын жақсы көрсетіп берді?
- а)** Бізге Құдай туралы шынайы ақпарат беру арқылы.
  - ә)** Кереметтер жасау, сауықтыруға ерекше көңілді бөлу арқылы.
  - б)** Құдайдың мінез-құлқын көрсететін өмір сүру арқылы.
- 19** Исаның келесі пайымдауларының қайсысы Оның мәңгілік жаратылысын суреттейді?
- а)** Ыбырайым тумастан бұрын-ақ Мен бар болатынмын.
  - ә)** Шынайы өмір сыйлайтын «Нан» менмін.
  - б)** Жол, шындық және шынайы өмір – Менмін.
- 20** Иса «Мен» деген сөзді Құдайдың ... үшін қолданған.
- а)** және Өзінің қаһарын баяндау.
  - ә)** және Өзінің мейірін баяндау.
  - б)** және Өзінің мінез-құлқын баяндау.

## 2-БӨЛІМ

Берілген сандардағы дұрыс орынды бояңыз. Барлық сұрақтардың реттік саны жауап беруге арналған беттегі кестенің алдындағы санмен бірдей.

- |    |             |    |             |
|----|-------------|----|-------------|
| 1  | (А) (Ә) (Б) | 11 | (А) (Ә) (Б) |
| 2  | (А) (Ә) (Б) | 12 | (А) (Ә) (Б) |
| 3  | (А) (Ә) (Б) | 13 | (А) (Ә) (Б) |
| 4  | (А) (Ә) (Б) | 14 | (А) (Ә) (Б) |
| 5  | (А) (Ә) (Б) | 15 | (А) (Ә) (Б) |
| 6  | (А) (Ә) (Б) | 16 | (А) (Ә) (Б) |
| 7  | (А) (Ә) (Б) | 17 | (А) (Ә) (Б) |
| 8  | (А) (Ә) (Б) | 18 | (А) (Ә) (Б) |
| 9  | (А) (Ә) (Б) | 19 | (А) (Ә) (Б) |
| 10 | (А) (Ә) (Б) | 20 | (А) (Ә) (Б) |

### ТЕК ХСИ ТОЛТЫРАДЫ

Күні ..... Балл .....

## Екінші Бөлімде Алған Біліміңізді Бағалау Сұрақтары

- 1 Жохан 8:12 аятында Иса Өзінің ... екенін айтады.
  - а) Дәуіттің ұлы
  - ә) жақсы Бағушы
  - б) әлемнің нұры
  
- 2 Қалайша Иса нұрға тең?
  - а) Иса жас кезінде өзінің интеллектуалдық қасиеттерін көрсеткен.
  - ә) Исаның тууы жарық жұлдыз арқылы көрсетілді.
  - б) Иса бізге Құдайдың кешіріміне мұқтаж екенімізді көрсетеді.
  
- 3 Исаны қабылдау үшін төменде келтірілгендердің қайсысы қажет болады?
  - а) Исаның тәлімдерін оқып білу.
  - ә) Ерік күшін көрсету.
  - б) ақиқатты қабылдауға және Оның соңынан еруге дайын болу.
  
- 4 Жауыз адамдар нұрды жек көреді, өйткені ол ...
  - а) тек оларға ғана сәулесін түсіреді.
  - ә) тек жақсы адамдарға ғана сәулесін түсіреді.
  - б) олардың жауыз істерінің бет пердесін ашып көрсетеді.
  
- 5 Иса жасаған сауықтыру кереметтері Оның біз үшін ... екенін көрсетеді.
  - а) Соттаушы
  - ә) ұстаз
  - б) Жаратушымыз



- 6** Киелі Кітапта май ... символы болып табылады.
- а)** Әкенің
  - ә)** Киелі Рухтың
  - б)** Құдай Сөзінің
- 7** Жақия Исаға ... бейнесінде қонған Рухты көрді.
- а)** көгершін
  - ә)** от
  - б)** құйылып жатқан май
- 8** Иса есімі нені білдіреді?
- а)** Құдай бізбен бірге.
  - ә)** Рухтардың Иесі.
  - б)** Яһуә құтқарады немесе Құтқарушы.
- 9** Әлем діндерінің ішінде тек Мәсіхшілік қана... ұсынады.
- а)** өмірге арналған жоғары мұраттарды
  - ә)** барлық күнәдан бостандық
  - б)** адамның құлдырауының және оның азап шегулерінің себептерін түсіндіруді
- 10** Иса бізді мәселелердің қандай түрлерінен құтқаруға уәде береді?
- а)** Дене сырқатынан
  - ә)** Кедейлік пен ашаршылықтан
  - б)** Кінә мен күнә билігінен
- 11** Исаны Құдайдың «Тоқтысы» деп атаған, өйткені Ол...
- а)** таза да кіршіксіз өмір сүрді.
  - ә)** өзін жуас және кішіпейіл етіп ұстады.
  - б)** біздің күнәларымыз үшін құрбандық ретінде өлді.
- 12** Айқыш ағашқа шегеленген ұрылардың бірі құтқарылды, өйткені ол...
- а)** Исаға сенді.
  - ә)** өзінің кінәлі екенін білді.
  - б)** мүлдем кінәсіз болатын.

- 13** Исаның біз үшін өлуі Құдайдың рақымы мен ... қанағаттандырды.
- а)** бірлігін
  - ә)** әділдігін
  - б)** билігін
- 14** Исаның өлімді жеңгенінің ең жақсы дәлелі – ... болып табылады?
- а)** Исаның керемет туылуы және оның күнәсіз өмірі
  - ә)** Ол қайта тірілгеннен кейін Исаның адамдарға көрінуі
  - б)** Исаның денесі салынған қабірдің бос болуы
- 15** Келесілердің қайсысы Исаның қайта тірілуінің нақты нәтижесі болып табылады?
- а)** Ол бізді ізгілік стандарттарын сақтауға рухтандырады.
  - ә)** Ол ауру-сырқаулар мен кеселдерден азат өмірмен қамтамасыз етеді.
  - б)** Ол мәсіхшілердің қайта тірілетініне кепілдік береді.
- 16** Киелі Кітап мәсіхшінің денесіне қатысты қандай тәлім береді?
- а)** Физикалық дене күлге айналмайды және бықсуды көрмейтін болады.
  - ә)** Физикалық дене мәңгілік өмір сүру үшін нығаяды.
  - б)** Физикалық дене өлімге ұшырайды, бірақ өлімсіз денеге өзгертілетін болады.
- 17** Сенушілер қайта тірілгенде, оларда ...
- а)** ешқандай дене болмайды.
  - ә)** осы физикалық денеміз болады.
  - б)** өлмейтін рухани дене болады.
- 18** Римдіктерге арналған хаттың 10:9 аяты ... деп мойындағаннан кейін құтқарыламыз делінген.
- а)** Құдай – Біреу.
  - ә)** Шайтан – жауыз.
  - б)** Иса – менің Ием.

- 19** Төмендегілердің қайсысы Исаның жердегі билігін жақсырақ көрсетеді?
- а)** Исаның тартымдылығы мен Оның сүйкімділігі.
  - ә)** Исаның күнәларды кешіруі және кереметтер арқылы.
  - б)** Рим үкіметінің Исаның билігін қабылдау.
- 20** Аян кітабының 5:9-13 аяттарында ... мадақ айтылады.
- а)** тыныштық әкелген көгершінге
  - ә)** әлемді жеңген арыстанға
  - б)** күнә үшін құрбандық болған Тоқтыға